

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «Ә» тобындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы
1 апта (1–5 Ақпан 2021 ж.)

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Аманжесова А.Ж

Тәрбиеші: Бурунбаева М.Ж

Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ойындар(үстел үсті, саусак және т.б.)	Дидактикалық ойын: Мозайка құрастыру. Мақсаты: баланың ойлау қабілетін жетілдіру.	д.о. «Кім тез жинайды?» Мақсаты: Пішіндер мен түстерді айыра білуге, шапшаңдыққа баулу; тәрбиешіні тыңдай білуге тәрбиелеу.	Сюжеттік рөлді ойындар Аспазы Мақсаты: Ойын барысында рөлдерді ойнай білуге үйрету. Аспазы әр түрлі тағам түрлері туралы әңгімелейді.	Дидактикалық ойын: «Тез, ақырын», Мақсаты: балаларға тақпақтарды, жаңылтпаштарды тез және ақырын айтуға үйрету.	« Қателеспе» Мақсаты: Спорт түрлерін анықтауға және білімдерін бекітуге жаттықтыру. Спортпен шұғылдануға деген талабын арттыру.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	1. Сауат ашу 1.Тақырыбы: Жолың болсын, жолаушы! И дыбысы мен әрпі Мақсаты: «Ии» дыбысы және оның әрпі таңбасымен таныстыру, айтылу артикуляциясын меңгерту.«Ии»дыбысы бар сөз,сөйлем, ойлап табуына назар аудартып, сөздік қорларын дамыту. «Ии» әрпін баспа түрін таныту . Педагог балаларды шаттық шеңберіне тұрғызады. Кәне, балалар, барлығымыз отбасымызға жақсы тілектер тілейікші! – Ата-анам ауырмасын! – Үлкендерді сыйлайық! – Анамызды ардайық! Педагог слайдтан көлік түрлерін көрсетеді. «Артығын тап!» ойынын ойнайды. Берілген көлік артық көлікті табады. 1-сурет: жеңіл мәшине, автобус, камаз, ұшақ. 2-сурет: тікұшақ, зымыран.	1. Математика негіздері: 1.Тақырыбы: Қай уақытта болады?Бүгін, кеше, ертең, бүгінгі,таңертең, кешке, күндіз,түнде. Мақсаты: Түрлі жағдаят тардың/фигуралардың / уақыттың (күн, апта,ай, жыл) тізбегін орнатып, жалғастыру.Уақыт туралы түсінікті білу:бүгін, кеше, ертең, бүгінгі, тәулік бөліктері. Педагог балалардан сұрайды: – Қазір қай жыл мезгілі? – Қазір қандай тәулік уақыты? (содан кейін қандай, бұған дейін қандай тәулік уақыты болды және т.б.). Педагог балаларға күн тәртібі туралы айтуды ұсынады. – Күн тәртібі деген не? – Күн тәртібі не үшін қажет? Педагог түн, уақыт, апта күндері туралы жұмбақтар жасырады. Біз бүгін күн тәртібі, тәулік уақыты, жыл мезгілдері туралы білімімізді нақтылаймыз. Балалар 1-тапсырманың суретін – күн тәртібін қарайды. – Суретте бейнеленген оқиғалар тәуліктің қай уақытында болып жатыр?	1.Сауат ашу. Сауат ашу: 1.Тақырыбы: Қысқы орманға саяхат.И дыбысы мен әрпі Мақсаты: «Ии» дыбысы және оның әрпі таңбасымен таныстыру, айтылу артикуляциясын меңгерту.«Ии»дыбысы бар сөз,сөйлем, ойлап табуына назар аудартып,сөздік қорларын дамыту. «Ии» әрпін баспа түрін таныту Педагог балалардың назарын оқу қызметіне тарту үшін шеңберге тұрғызып көңілді өлең жолдарын айтқызады. Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Тәрбиелі баламыз, Амандасып аламыз. Педагог балаларға саяхатта жүрген балалар туралы сюжетті суретті көрсетеді. Балалардан саяхатқа қайда барғандары туралы сұрайды. Саяхатқа өздеріңмен не алып бардыңдар? Өздерінің саяхатқа барғандары туралы әңгімелейді. 1-тапсырма Суретте не болып жатыр деп ойлайсыңдар? Суреттегі саяхатқа шыққан балалардың	1.Құрастыру Тақырыбы: «Айналам қандай тамаша!» Мақсаты: Табиғи және жасанды материалдардың қасиеттерін атау Психологиялық жағымды көңіл күй қалыптастыру. Сөздік дидактикалық ойын: «Өсімдіктер әлемі» – кім өсімдіктерді көп атай алады? Қандай табиғи материалдарды білесіңдер? Интерактивті тақтадан табиғи материалдардың суреттерін көрсетіп, атап өту абиғи материалдарды зерттеу, олардың қасиеттерін атап өту: жапырақтар өте нәзік, үгітіледі, сынады, ағаштың қабықтары мен бұтақтары қатты, шырша бүрлері, жаңғақтар т.б. Бүгін біз ұсақ жапырақтардан әдемі	1. Өзін-өзі тану: Тақырыбы: «Табиғатты қорғауды үйренеміз!» Мақсаты: табиғатты аялауға үйрету. . Шаттық шеңбері. Жарқырап күнде ашылды, Айналаға нұр шашылды. Қайырлы күн!Біз көңілді баламыз! Қайырлы күн!Біз сүйкімді баламыз! Суретпен жұмыс «Табиғат» аялдамасындағы суреттерге назар аударайық. III.Әңгімелесу «Табиғат-Ана» ертегісін оқып беріп, сұрақтар қояды -Неліктен анаға теңеп «Табиғат-Ана» деп атайды. IV. Дәйексөз « Табиғат қорғау- Отанды қорғау» деген нақыл сөзді

<p>2-сурет: тікұшақ, зымыран, троллейбус, ұшақ. 3-сурет: Жеңіл көлік, жүк машинесі, қайық, троллейбус 1-тапсырма</p> <p>Суреттегі жолаушылар көлігі туралы не білесің? Сурет бойынша қандай сұрақ қояр едің? Суреттегі адамдардың іс-әрекетін айтады. Кімде қандай көлік түрі барын табады. Көліктерді түрлеріне қарай топтастырады; Әуе, су, жер көлігі. Ж. Смаковтың өлеңін мәнерлеп оқып береді. Ал, келіндер, ат арбаны жегейік, Ал, келіндер, сайрандап біз келейік. Барайық біз орман, тауға, көлге де. Дөңгелектер, дөңгелектер дөңгеле Балалар өлеңді мазмұндап, ондағы көлік түрі ат арба туралы пікірлеседі. Педагог ат арба туралы түсіндіреді. Алысқа баратын және жылдам жүретін көліктерді әңгімелейді. Әр ұлттың өзіне ыңғайлы көлік түрлері болатыны және көліктердің техникалық және жануарлар көлігі деген екі тобы болатыны туралы таныстырады. И дыбысы естілетін көлік түрлерін атайды. Мотоцикл, мәшине, ит пен шана. Сөздерді буынға бөледі. 2-тапсырма Ине, инелік, ит сөздеріне дыбыстық талдау жасайды. И дауысты дыбыс екенін біледі. Айтқанда созылып</p>	<p>қай уақытында болып жатыр? Педагог балалардан «таңертең», «күндіз», «кеш», «түн», «алдымен», «содан кейін» деген сөздерді пайдаланып, жауап беруді сұрайды. Педагог балаларға «Бұл қашан болады?» деген ойын түрінде жұмбақтар шешуді ұсынады. Жиынтық полотномен жұмыс жасайды. Педагог балаларға «Бұл қашан болады?» ойынын ойнауды ұсынады (жыл мезгілдері туралы тақпақтарды, жұмбақтарды оқиды). Педагог жиынтық полотномен жұмыс істеуді жалғастырады Суреттерді қарап шығындар. – Олар өз арасында қалай байланысқан? (Жыл мезгілдері, ауа райы, киім). – Карточкаларды қалай біріктіру керек? Талқылаудан кейін балалар өз бетінше карточкаларды біріктіреді, тексеру кезінде өздерінің жауаптарын дәлелдейді (Қыста ауа райы суық және қарлы, адамдар жылы киім киеді.) Жыл мезгілдерін бекіту үшін балаларға №21-22 кестелердің қималы суреттерін өздігінен жалғауды ұсынады</p> <p>2. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Мөлдір бұлақ Мақсаты: Берілген тақырып аясында диалогке қатысу Педагог балаларды ортаға шеңберге тұрғызады. - Балалар, қараңдаршы, біздің табиғатымыз қандай әдемі. Өзімізді әдемі де сұлу табиғатқа теңеп, шаттық шеңберін жасайық. - Мен таумын. Бәрінен де биікпін. - Мен гүлмін. Жұпар иісім бар. - Мен Күнмін. Жарқырап жылу берем! - деп балалар шаттық шеңберін жасайды Педагог: Балалар, мына әртүрлі</p>	<p>Суреттегі саяхатқа шыққан балалардың іс-әрекеті туралы әңгімелеседі Педагог сөйлемдерді дауыс ым-ишарасын келтіріп оқиды. Балалар тиісті белгілерін қояды. Орман қандай тамаша! Орманға кіммен бардың? Мен орманнан тиінді көрдім. Балалар педагогтің сөйлемдерін қайталап айтады. Ым-ишиармен келтіреді. Сөйлемдерден й дыбысы естілетін сөздерді атайды, буынға бөледі. Қандай, қайың. Й – үнді дауыссыз дыбыс. Айтқанда кедергіге ұшырап қысқа айтылады. Көк текшемен белгілейміз. Й дыбысынан басталатын қазақта сөз жоғын педагог балаларға ескертеді Айша сөзін буынға бөліп сызбасын жазады. Дауыссыз дыбыстарды көк, дауысты дыбыстарды қызыл түспен белгілейді. Суреттегі заттарды атайды, оларға ортақ атау (киім) береді, й дыбысы кездесетін сөздерді дауыстап айтып, оларға дыбыстық талдау жасатады. Мысалы: ма-ла-қай – үш буын, й дыбысы сөздің соңында тұр. Й дыбысы – үнді дауыссыз дыбыс. 3-тапсырма Сөздерді буынға бөліп, дыбыстық талдау жасайды. Й мен И орнын анықтайды Тиін, инелік, қайың. Й дыбысының дауысты дыбыстан кейін ғана жазылатынын ескертеді. 4-тапсырма Й әрпімен танысамыз Й әрпін боя. Педагог тақтаға Й әрпінің бейнесін іліп қояды. И әрпінің Й әрпінен айырмашылығын түсіндіреді. Балалар Й әрпін ауада жазып көрсетеді. Сергіту сәті. Педагогпен бірге балалар өлең жолдарын қимылмен қайталайды. Қояным тұршы,</p>	<p>жапырақтардан әдемі ағаштарды бейнелеп «Қысқы бақ» жасаймыз. Жасаған жұмыстары жайында әңгімелеп береді, қандай ағаштың ең әдемі жасалғаны және оның ерекшелігіне назар аударады. Бір-біріне ұқсастығы немесе айырмашылығы қандай болды? Бөлме өсімдіктері ғана емес, терезе сыртындағы өсімдіктер де күтімді қажет етеді. Туған өлкеңнің табиғатын қорға! Сендерге жасаған жұмыстарың ұнады ма? Жапырақтармен жұмыс жасағанда қандай қиындықтар болды?</p> <p>2. Жапсыру Тақырыбы: «Мал қорасында» Мақсаты: Жапсыруда дербес немесе ұжымдық сюжеттік композиция жасау, заттардың кеңістіктік қатынастарын, түсін, пропорциясын, заттар мен олардың бөлшектерінің текстурасын есепке ала отырып оларды аспанға, суға, жерге қатыстылығы бойынша орналастыра алады. «сәлеметсіздер ме!» – амандасу. Тәрбиеленушілер көршісінің саусақтарын кезек-кезек ұстап, былай дейді: Әрқашан (бас</p>	<p>деген нақыл сөзді дәйексөз ретінде түсіндіреді V. Сергіту сәті Біз балалар бағында, Тұрамыз өте көңілді. Көп болсақ та достықпен, Өткіземіз өмірді. Достықпен, достықпен Өткіземіз өмірді. VI. Ойын-жатығу «Табиғатпен сырласу» Өзеннен өту. Тауа өрмелеп шығу. Шалшық сулардан өту. Ормандағы қалың ағаштың арасымен өту. Ашық алаңға жетіп қуанады. Дәптермен жұмыс Тапсырмаларды түсіндіріп, орындауын сұрайды Қортындылау Табиғат-Ана деп халқымыз бекер айтпаған екен. Сол себепті табиғатты қорғауымыз керек. Ол біздің қорғанымыз</p> <p>2. Музыка. Тақырыбы: «Біз өнерпаз баламыз» Мақсаты: Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін ұзақтығына (ұзақ, қысқа), қаттылығына (қатты, ақырын) тембріне қарап ажырату Тыңдау: «Ләйлім шырақ». (Ақан сері, өңд: Т.Қоңыратбай) Ән айту. «Жан сырғым» (муз мен сөзі Е.Өміров, Х.Талғаров)</p>
--	--	--	---	--

	<p>айтылады. Еркін айтылады</p> <p>Сергіту сәті Мен тиінмін, тиінмін, Қысқа жылы киіндім. Қоймам толы жаңғаққа, Іші жылы үйімнің. Өлең жолдарын кимылмен қайталайды</p> <p>3-тапсырма. Сурет бойынша өлең жолдарын суреттеп көрсетеді.</p> <p>И әрпінің баспа түрін тақтаға іліп қойып, салыстырады. Екі л әрпінен и әрпін жасап көрсетеді. Ол үшін бір л дыбысын тоңқайтып, екіншісін түзу қалпында қасына қояды. И әрпінің баспа түрін ауада жазып, сөз ойлап айтады.</p> <p>4-тапсырма И әрпін жаса Санағыш таяқшалары арқылы и әрпін жасайды. Педагог тақтаға и әрпі жазылған плакатты іліп қояды. Педагог балаларға көрсете отырып сұрайды Екі кітіптан и әрпін жасауға бола ма? Әлде үш кітаптан и әрпін жасай ма? И әрпінің баспа түрін жазу жолдарына жазады Педагог балалардың оқу қызметіне белсенділіктері мен қызығушылықтарын талқылайды, мадақтайды</p> <p>2. Музыка. Тақырыбы: «Біз өнерпаз баламыз» Мақсаты: Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін ұзақтығына (ұзақ, қысқа), қаттылығына (қатты, ақырын) тембріне</p>	<p>ғажайып дыбыстарды мұқият тыңдаңдар. Ненің дыбысын естігендеріңді айтып беріңдер. (Аудиотаспада сылдырлаған бұлақтың, теңіздің дыбыстары.) - Дыбыстарды естігенде қайда жүргендей болдыңдар? - Ненің дыбысын естідіңдер? - Ал енді мен сендерге «Теңіздегі тіршілік иелері» атты бейнетаспа көрсетемін, сендер өте мұқият болыңдар, көріп болғаннан кейін қандай тіршілік иесін таныдыңдар, маған айтып бересіңдер. Педагог: Не көргендеріңмен бөлісіп отырыңдар, ерекше әсер беріп, есте қалған не болды? Ал енді біз су туралы сөйлесеміз. 1. Қалай ойлайсыңдар, су кімге және не үшін керек? 2. Теңіз тіршілік иелеріне нелер жатады? -тапсырма. Суретші нені ұмытты? Толықтырып сал. Сергіту жаттығуы: Кәнекей, бой сергітіп алайық, Өзімізді мөлдір суға балайық. Сай-салада ағып жатқан сарқырап, Бұлақ болып таудан төмен ағайық. «Сөзді жалғастыр» ойыны. Мен қармақпен балық Теңіз жағасынан шағаланы Бұлақ сылдырлап Жылқылар су Жанбыр жауып, өзен суы Аққулар жағаға жақын Балалар суға Әліппе-дәптермен жұмыс: 2-тапсырма. Жаңылтпашты жаңылмай айтайық: Бұл балық, Ақ балық, Ақ балық, Қылтаны көп балық 3-тапсырма. Суреттегі тізбекті есіңе сақта.</p>	<p>Бегінді жушы, Айнаға қарашы, Шашыңды тарашы. 5-тапсырма Балаларға таяқшалар таратып береді. Балалар тақтадағы И әрпінің бейнесіне қарап, педагогтің көмегімен И әрпін жасайды. И әрпі кездесетін сөз ойлап айтады. Буынға бөледі. И әрпінің баспа түрін жазу жолына жазады.</p> <p>2. Дене шынықтыру 1.Тақырыбы: Жәндіктер әлемі. (негізгі қимылдар) Секірудің әртүрлі түрлерін орындау, тепе-теңдікті сақтай отырып өзгермелі жағдайлардағы секірулер. Допты домалату, лақтыру және қағып алу, допты жерге он қолмен және сол қолмен ұру, екі қолымен басынан асыра лақтыру және бір қолмен кедергі-ден лақтыру «Өз орныңды тап!» ойын жаттығуы Мақсаты: сапта тұруға үйрету. -Саптізбекте бір-бірден жүруді, бағытты сақтай білуді, саптізбектен шығып кетпедуді, саптізбекте өзінің орнын таба білуді көрсетеді. -Жалпы дамытушы жаттығуларды орындау үшін, шеңберге тұруды ұсынады. Жаттығуларды атайды. -Жаттығулар ереже бойынша бастан басталып аяқ ұшымен аяқталады. Жаттығуларды орындау тәсілдерін көрсетеді. -Балалар бүгін біз Бір-бірлеріңе доп домалату (отырған күйде аяқтары алшақ, арақашықтығы 2 м). жаттығуын және қос аяқтап секіру (аяқтары бірге — аяқтары алшақ) жаттығуларын жасаймыз. -Негізгі қимыл түрлерін орындауды ұсынады: отырған күйде аяқтары алшақ арақашықтығы 2 м бір-біріне доп</p>	<p>бармақтарын), әр жерде (сүк саусақтарын) мол (ортаңғы саусақтарын) табыс (аты жоқ саусақтарын) тілеймін! (шынашақтарын түйістіреді) Педагог балаларға үй жануарлары туралы жұмбақтар жасырады Педагог иллюстрацияларға қарап, өздері білетін үй жануарларын атауды және оларды сипаттауды сұрайды. Балаларды педагог дайындаған үлгікалыппен және трафареттермен жұмыс жасауға жұмылдырады. – Үй жануарларының үлгікалығын және трафареттерін бастырып сыз. Оларды қағаз бетіне жапсыр. саусақтарға арналған жаттығу. «Екі лақ» (Екі қолымыздың ортаңғы және шынашақ саусақтарын бас бармақтармен басамыз). Бірде бір лақ көпір үстімен Қонаққа бара жатты. (Қолымызды көлденең ұстап, бірбіріне жақындатамыз). Екінші жақтан екінші лақ Үйіне келе жатты. (Әр жолдың бірінші буынында қолдарымызды құлаштап жаямыз). Екі ақымақ ерке лақ Көпір үстінде кездесіп,</p>	<p>3. Қауіпсіздің мінез-құлық негіздері Тақырыбы: Қауіпсіздік мектебі. Табиғи апат. Мақсаты: Ауа райының өзгеруіне байланысты қауіпсіздік ережелерін білу Жағымды көңіл күй орнату. «Ауа райы болжамы» Балалар бірінің артынан бірі шеңбер бойымен тұрып, алдында тұрған баланың иығынан ұстайды. Педагог ауа-райы болжамын оқиды, ал балалар көршісінің арқасын уқалау арқылы ауа райын бейнелейді. Алматы қаласында күн ашық (балалар күн шуағын салады). Қостанайда жаңбыр жауып тұр (саусақтарымен тоқылдатады). Павлодар қаласында бұршақ жауды (жұдырықтайды). Ақтауда ұйтқыған жел соқты (айналдыра сипалайды). Астанада күн ашық! «Ауа райы» деген сөзді қалай түсінесіңдер? Неліктен адамдар ауа райын бақылайды? Адам өміріне ауа райының өзгеруі қалай әсер етеді? Балалар өз ойларын айтады. Жел, қар, бұршақ, тұман, дауыл – барлығы ауа-райының</p>
--	--	--	---	---	---

	<p>қарап ажырату Тыңдау: «Ләйлім шырақ». (Ақан сері, өңд: Т.Қоңыратбай) Ән айту. «Жан сырым» (муз мен сөзі Е.Өміров, Х.Талғаров) 3. Жаратылыстану: Тақырыбы: Жансыз табиғаттың пайдасы қандай? Мақсаты: Күнделікті өмірдегі жансыз табиғат денелері мен заттарының қолданылу аясын атау Шаттық шеңбері. Амансың ба, аспаным Амансың ба, Жер Ана. Сөлем менің достарым, Сендерді көріп қуанам. табиғаттың не екенін еске түсірейікші (табиғат – жансыз және жанды денелерден тұратын бізді қоршаған әлем). Ал жансыз және жанды табиғат дегеніміз не? (Жанды табиғат – өсіп-өнетін, көбейетін табиғаттың бір бөлшегі. Жансыз табиғат – өсіп-өнбейтін, көбеймейтін, бірақ тіршілік иелеріне елеулі пайдалы денелер мен заттарды айтамыз). Бүгін біз сендермен жансыз табиғаттың пайдасы туралы түсінік алатын боламыз. – Балалар, жансыз табиғаттың пайдасы қандай? Қалай ойлайсындар? Мақсатты болжам. Жансыз табиғат түрлері бейнеленген суреттерге назар аударту. – Балалар, суретте нені көріп тұрмыз? (Су, құм, тас, топырақ, күн, ауа, аспан т.б.)</p>	<p>Дәптерді жауып, шатастырмай айтып бер. Логикалық ойын: «Тура мағынасын айт». Педагог балаларға ауыспалы мағынадағы сөздер айтады, балалар тура мағынасын айтуға тырысады. Мысалы: Жылы сөз - жылы күн; Алтын бала - алтын сырға; Қара шаңырақ, қара ниет - қара шалбар; Ақ жол, ақ ниет - ақ орамал; Жұмыстың аяғы - жүретін аяқ; Бұлақтың көзі - адамның көзі; Суық хабар - суық жел 4-тапсырма. Суреттен суда мекен ететіндерді ата. Оларды судың суретімен қос. 5-тапсырма. Мақалдың мағынасын түсініп ал. Судың да сұрауы бар. Бұлаққа бұлақ қосылса, «егізбіз» дейді. Көлге көл қосылса, «теңізбіз» дейді. Өзен суын жаңбыр тасытады, Адам қадірін еңбек асырады. Су анасы – бұлақ, сөз анасы – құлақ. Педагог балалармен бірге мақалдың мағынасын талқылайды. Педагог қорытынды жасайды. Балаларды марапаттайды 3. Сурет Тақырыбы: «Аққала бізге қонаққа келді» (пәндік) Мақсаты: Суреттегі бейненің көңіл күйін беру үшін қағаз реңі мен түс үйлесімділігін тандау. Балалар шаттық шеңберін құрып тұрады. Бір-біріне күлімдеп қарайды. Аязата ойды- қырды Аралап жүр түгел шолып. Қарсы алғалы Жаңа жылды,</p>	<p>домалату.Жаттығуын жасауға нұсқау беру.Тура бағытта төрттағандап еңбектеу түсіндіру,көрсету.Жаттығуды жасауға нұсқау беру. «Тезірек шеңберге» ойынын ұйымдастыру. Балалар гимнастикалық орындықтарда отырады. Нұсқаушы балаларға сары,қызыл,көк ленталар таратып береді. Бөлменің 4 бұрышына сары,қызыл,көк ленталар байланған құрсаулар қояды. Құрсаулар балалардың үйлері болып саналады. «Үйге, үйге!» деген сигнал бойынша балалар өз құрсауларына(ленталары бойынша) жүгіреді. Ойын 3-4 рет ойналады Балаларды қолдау және мадақтайды. Ойын барысында қажетті көмек және қолдау көрсетеді. -Саптізбекте бір-бірден жүру, (бірінен кейін бірі жүреді, бағытты сақтайды, саптізбектен шығып кетпеуге тырысады, саптізбекте өзінің орнын табады). -Шеңбер бойымен сапқа тұру -Жалпы дамытушы жаттығуларды орындау(қажетті бастапқы қалыпты қабылдайды, нұсқаушының көрсетуімен жаттығуларын сәйкестендіру). -Бүгінгі жаттығу түрлерін біледі. 3. Көркем әдебиет: Тақырыбы: Жыл басына таласқан Жануарлар (ертегі) Мақсаты: Дыбыстарды түрлі екпінде анық және дұрыс айту, сыбырлап және қатты айту .Балалар ұнтаспадан «Ертегілер» әнін тындайды. Педагог қолына «сиқырлы таяқшаны» алып, әр баланы түрлі ертегі кейіпкеріне айналдырады. Балалар бірбіріне ертегі кейіпкерлері атынан тілектер айтады: «Мен Бауырсақпын, бірбіріңді құрметтеп жүрулеріңе тілектеспін... Мен Ханшайыммын, сендерге қайырымды, сыпайы болуды тілеймін...» Педагог балаларға</p>	<p>Бір-біріне жол бермей, Сүзісіп қалды. Артқа шегініп, алға ұмтылып, Маңдайлары «тарс!» етіп түйісті. («Тарс!» сөзіне алақандарымызды соғамыз.) Екеуі суға «шалп!» етіп құлап түсті. («Шалп!» сөзіне қолымызды тіземізге түсіреміз.) Апликацияны орындау технологиясы. 3. Дене шынықтыру Шабандоздар (Ауада) (негізгі қимылдар) Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау Қол ұстасып бәріміз, Шеңбер құрып тұрамыз. Солға адымдап жүреміз, Оңға адымдап жүреміз. Ортаға келіп тұрамыз, Бір орында айнала Кеудемізді бұрамыз. Күлімсірей, жымыңдай Ойнымызды қайта бастаймыз «Орын алмастыру» Залдың ортасына арқан тасталып, зал екіге бөлінеді. Әр топ өз алаңына барып тұрады. «Жүгір!» деген белгі бойынша балалар шашырай өз алаңында жүгіріп жүреді, олар ырғи секіріп, өз-өзін айнала секіреді (қозғалыстың түрлі</p>	<p>белгілері. Ауа райында әрдайым өзгерістер орын алып жатады сол себепті үлкендер мен балалар ауа райын алдын ала біліп, соған дайын болып жүреді. Бұл ақпарат олар үшін маңызды, себебі ауа райына сай киіну аса қажет Балалар Өліппе-дәптердегі суретті қарастырып, талқылауға қатысады, өз тәжірибесінен алған әсерімен бөліседі. Ауа райының өзгеруіне байланысты қауіпсіздік ережесін сақтаудың қағидасын бірге дайындайды: Жаз мезгіліндегі қатты ыстық адам өміріне қауіпті. Әсіресе түскі мезгілде далаға шығуға болмайды. Ойнауға таңертеңгісін ерте және кешкі уақытта шығу керек. Өзіңмен бірге су алып, баскиім кию керек. - Адам өміріне найзағай қауіпті ме? Найзағай кезінде қандай ережені сақтау қажет? Балалар талқылауға қатысып, өз ойларымен бөліседі. динамикалық үзіліс: «Біз – қуатты ағашпыз». Балалар өздерін үлкен ағаш деп елестетеді. Ұйытқыған жел оңға, солға соқты. Балалар денесін иіп, басын қолдарымен құшақтайды. – Дауыл</p>
--	---	--	---	--	---

<p>– Оларды адамдар не үшін пайдаланады деп ойлайсындар? Балалар, сонымен жансыз табиғаттың пайдасына тоқтала кетейік. Жансыз табиғатты адамдар күнделікті өмірде пайдаланады. Мысалы, тас, құм, топырақ сияқты жансыз заттарын үй құрылысына қажет етеді. Ал, су мен ауасыз адам, тіпті бүкіл тіршілік иелері өмір сүре алмайды. Балаларға жанды және жансыз денелердің айырмашылығын анықтату үшін тәжірибе жасау ұсынылады? тәжірибе жасау: 1-тәжірибе: Топырақтан не жасауға болады? Балаларға топырақтың иленгіш, жансыз дене екенін түсіндіру арқылы сазбалшықтан илеу, жұмсарту арқылы белгілі бір пішіндерді бейнелету (ыдыс, қуыршақ, жануарлар т.б.) Нәтижесінде топырақ иленгіш, жансыз дене екенін анықтау «Байқағыштық» деген жаңа ұғым бойынша жұмыс. Жансыз табиғат денелеріне серуен кезінде табиғат аясында бақылау жасату. 1-бақылау: Құмның ұсақ, сусымалы зат екенін, адамдардың құмды не үшін пайдаланатынын бақылату 2-бақылау: Тастан не жасауға болады? Тастан жасалған үйлердің құрылысына және тас қамалдарға бақылау жасау. Қорытынды сұрақтар:</p>	<p>Ол да көптің бірі болып. Қайда қызық болса думан, Аязата сонда болды. Күндіз үйде ойнап бізбен, Балалармен бірге болды Педагог жаңажылдық ертеңгілікті, шырша қонақтарын еске түсіруді ұсынады. Балалардан әсерлерімен бөлісуді сұрайды. Аққаланың келуі. Аққала қандай көлікпен келді деп ойлайсындар? Аққала балалардың шыршасына қандай көлікпен келе алады? Өз таңдауыңды түсіндір. Аққала неге көңілсіз деп ойлайсындар? Бүгін біз Аққаланы көңілдендіретін боламыз. Оған достарын салып береміз. Ол үшін бізге геометриялық пішіндер көмектеседі. Аққаланы қандай тәсілмен салуға болады деп ойлайсындар? Бүгін біз қандай құралдарды пайдаланамыз? (Қылқалам, гуашь, мақта таяқшалар.) Сергіту сәті Өлең жолдарын қимылмен көрсетеді. Әппақ,әппақ, жапалақтап, Қар жауып тұр далада. Әппақ дала, барлық бала, Қуанып жүр далада. Қауіпсіз жұмыс жасау техникасы Педагог оқу құралдарының партада орналасу ережелерін еске салады. Балалардан қылқаламды қолда қалай дұрыс ұстау керектігін көрсетуді сұрайды. Жұмыстың орындалу технологиясы Әліппе-альбомдағы екі нұсканы карауды ұсынады, өздеріне қызықты болып көрінгенін таңдап, жұмысқа кірісіңдер. Суреттеріндегі ұсақ бөлшектерді (көз, түйме, аққаланың басындағы шелек әшекейлері)</p>	<p>жұмбақ жасырады. Апананан, ескі шапан, Иір қобыз, жарық жұлдыз. (Түйе) – Қандай ертегілерді білесіңдер, есімізге түсірейік. «Мен ертегіні жақсы көремін, өйткені...» деп жағымды қасиеттерін айтады. – Ертегінің соңы жақсылықпен аяқталады. – Ертегіде әрқашан қайырымдылық зұлымдықты жеңеді. Көркем әдебиет жанры бойынша ертегімен танысамыз. Ертегіні адамдар қиял арқылы құрастырады. Ертегідегі жануарлар адам сияқты сөйлей алуы және адам істейтін нәрселерді істей алуы мүмкін.Пе аог «Жыл басына таласқан жануарлар» ертегісін ұсынады. Ертегіні оқу. Сөздік жұмыс. Педагог балаларға ертегіде кездесетін жусан, жабағы, өркеш, бақташы сөздеріне түсінік береді: бақташы сөздеріне түсінік береді: Жусан – дәмі ащы, көкшіл бозғылт түсті аласа шөп. Өркеш – түйенің арқасына бір не екі айыр болып тік шаншылған қомы. Жабағы деп жылқының бір түрін айтады. Бақташы деп мал бағатын адамдарды айтамыз. Ертегінің мазмұнына сәйкес сұрақтар. – Жануарлар жылдың басы болуға неге таласты? – Жылқы не айтты? Түйе не деді? – Спыр несімен мақтанды? – Қой өзінің қандай пайдасы бар екенін айтты? – Ит не деді? – Тауық өзін қалай айтып жеткізді? – Тышқан қандай қулық жасады? – Түйе неге сенді? Жылды бірінші болып не көрді? Сергіту сәті: (саусақтармен орындайды) Саусақтарым, бірбірімен амандасайық,</p>	<p>тәсілдерін қолданады). «Ауыс!» деген белгі берілгенде, топтар орын алмастырады. Қарсы бетке толық құраммен бірінші жеткен топ жеңеді. тірек-қимыл жаттығулары Б.қ. – аяқты алшақтата иық деңгейінде қою, оң қолды аздап бүгіп, алға созу. Сол қолды оң қолдың шынтағына қойып біртіндеп басып, оң қолдың шынтақ тұсын іш жағынан сол иыққа жақындату. 10–15 секунд орындалады. Б.қ. – аяқты алшақтата иық деңгейіне қою. Қолды артқа айқастырып жоғары бұралаңдатып көтеру. Білек тұсынан имеген жөн. 10–15 секунд орындалады. Б.қ. – аяқты иық деңгейіне қою, қолды жоғары созу, оң қолды білек желке тұсына келетіндей етіп шынтақтан бұғу; сол қолмен оң қолдың шынтағынан ұстап оны солға тарту, екінші қолға да соны қайталау. «Арқаннан секіру» қимыл ойыны. Балалар шеңбер құрып тұрады. Ойын бастаушы ортаға шығып арқанды басынан бірде ақырын, бірде жылдам айналдыра отырып, балалардың аяғына тигізуге тырысады. Балалар аяқ тұсына келген арқаннан</p>	<p>дегеніміз не? Ол қандай қауіп төндіруі мүмкін? – Адамдар ауа райы туралы қайдан біледі? Табиғи апаттың жақындағанын алдын ала білуге бола ма? Балалар теледидардан ауа райы болжамы туралы тыңдайтынын айтады. педагог ақпараты: Гидрометеорталық – ауа райы өзгеруін қадағалайтын мекеме. Олар жер серігі арқылы жақындап келе жатқан дауыл жайлы ақпарат алады. Арнайы құрылғылардың көмегімен мамандар ауа райын болжайды. енше жағдай дегеніміз не? Төтенше жағдай – белгілі бір аумақта орын алған табиғат құбылыстары: апат, өрт, жер сілкінісі, дауыл, су тасқыны – Жер сілкінісі дегеніміз не? Өрт кезінде өрт қызметі –101 нөміріне хабарлау керек. – Тығылуға болмайды! Әйтпесе өрт сөндірушілер таппай қалуы мүмкін. – Жамылғыға оранып, далаға шығатын қауіпсіз жолды іздеу керек. 4.В.к.Ойнаймыз, ойлаймыз. Тақырыбы: Қай уақыт,сағат неше? Мақсаты: Уақыт туралы</p>
---	---	---	---	---

	<p>Топырақтың пайдасы қандай? Адамдар тастан не жасайды? Құм не үшін қажет? Суды неге жансыз табиғатқа жатқызамыз? Осы сұрақтарға жауап іздеу:</p> <p>4.В.к. Ұлттық ойындар. Тақырыбы: «Тенге алу» Мақсаты: Жылдамдықты, белсенділікті, шапшандықты, тапқырлықты, ұйымшылдықты қалыптастыру. Сергіту сәті. Шаршағанда ырғалып, Гүлге ұқсап дем алам. Қанатымды бір қағып, Гүлдей болып жайқалам. Иілеміз оңға бір, Иілеміз солға бір. Тәрбиеші қарайды, Аяққа бір, қолға бір. –Міне, балалар, гүліміздің бөліктерін қиып алдық, енді оларды жапсыруға кірісейік. Балалармен жеке жұмыс жүргізіледі. Балалардың жапсырған гүлдерін, күлтелерін, сабағын, жапырағын санату. –Құмырада неше гүл бар? –Күлтелерін снап көрейік? –Сабағын санайық? –Жапырағы нешеу екен? Балалар өздері білетін бақша гүлдерінің атын айтады. Балалар әңгімеге белсенді араласып отырады. Бәрі мұқият тыңдайды. Балалар 28-беттегі 10.2-үлгімен жұмыс істейді. Балалар өлең ырғағымен қимыл-қозғалыстар</p>	<p>мақта таяқшаларды қолданып, толықтыра аласындар</p> <p>4. Орыс тілі: 1.Тема: Прогулка в лес Цель: отвечать на элементарные вопросы жестами (например, указав на предмет или картинку), словами и короткими фразами. Здравствуйте, те, кто весел сегодня, Здравствуйте, те, кто грустит, Здравствуйте, те, кто общается с радостью, Здравствуйте, те, кто молчит. улыбнитесь, пожалуйста, те, кто готов работать сегодня с полной отдачей. Здравствуйте! На экран проецируется картинка с изображением письма. дороге друзья! Приглашаю вас на прогулку в лес! Правильно –это дом для растений, деревьев и цветов. сейчас мы отправимся в лес. А вы знакомы с правилами поведения в лесу? слушайте внимательно. если я прочту правила вежливости – хлопайте в ладоши, а если это вред - ные советы – топайте ножками: • ветки не ломайте, деревья не калечьте, ни травинку, ни лист зря не рвите; в лесу листья бросайте, венки плетите, букеты рвите. Подумаешь, много зелени – еще вырастет; • в лесу шумите, кричите – это никому не мешает; • старайтесь не шуметь, а то лес испугается, затаится, и вы не узнаете ни одной тайны. Работа в азбуке-тетради. задание № 1. рассмотри картинку. Послушай и повтори. Найди в лесу ягоды, грибы,</p>	<p>Саусақтардан гүл ашайық. Саусақтарды ашыпжұмып, Аә, гғ, үү, нң, кк, өө дыбыстарын дұрыс айтайық Сурет бойынша Әліппе-дәптермен жұмыс: – Суреттен не көріп тұрсындар? – Суретте ертегінің қай сәті бейнеленген? – Ертегіде не туралы айтылған? – Жануарлар жылдың басы болуға неге таласты? – Жылды бірінші болып не көрді? 1. Суреттегі жануарларды жыл аттары бойынша ретімен атап үйренеміз. 2. Ертегіге қатысты кейіпкердің қылығына баға бер. Бастырып сыз, боя. /ойын: «Не қайда өмір сүреді?» Суреттен көргендерін атап, олардың қайда өмір сүретінін айтады. Сол жануар немесе құстарды қайда көргендерін, ол туралы білетіндерін әңгімелейді. Ертегі қалай аталады? Сендерге ұнады ма?– Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті?</p> <p>4. Мүсіндеу: Тақырыбы: Аққала және оның достары. Мақсаты: Басқа балалармен топтасып немесе жекелей біртекті заттардан образдар мен сюжеттік композициялар жасау (мысалы, ертегі, әңгіме, балаларға арналған халық әндері, санамақ, мазақтамалар, аңыздар желісімен). Мүсінші Ермектің жұмбағы: Шелек қалпақ басында, Сәбіз екен танауы. Қыста қардан туатын, Тауып көрші, сен оны. (Аққала) Балалар жұмбақтың шешуін тауып, өз жауаптарын түсіндіріп береді. Қыс – өте көңілді мезгіл. Қарда сырғанауға, аққала жасап, қар атысып ойнауға болады. Сен кіммен ойнағанды ұнатасың? Сәуле есімді қыздың жасаған аққаласын тентек ба-</p>	<p>секіреді.</p> <p>4.В.к. Логика әлемі. Тақырыбы: 5 саны мен цифры. Мақсаты: 5 санымен және цифрымен таныстыру. 5 саны туралы түсініктерін қалыптастыру. 5 санына байланысты ойындар ойнату.</p>	<p>түсініктерін қалыптастыру Сәлемдесем әрдайым, Үйде жіне көшеде, Тіпті сәлем деймін мен Тауыққа көрші үйдегі Сәлемет пе, шуақты күн көктегі! Сәлемет пе, нұлы аспан көкпен гөк! Сәлем, самал жел желпіген! Сәлем, менің достарым! Сәлемге еріну, Бізде әсте болмайды. Балалар шеңбер жасап тұрып, тақпақты қимылмен көрсетеді. Көңіл күйлері көтеріліп, жылы лебізд ер білдіреді - Балалар бір сәт өзімізді – сыртта, таза ауада тұрғандай елестетейік. - Айнала қандай? - Қар қандай? - Ауа қандай? - Терезелерде не бар? Қыс қандай болады? Қыста аулада қай құсты кездестіруге болады? - Яғни, мұның барлығы қай кезде болады? кәзір қыстың нағыз ортасы. Бұл мезгілді сықырлауық қыс немесе жалтыр қыс деп те атайды сен білесің бе? Қыста ауа райында қандай өзгерістер болады? Сергіту сәті: Боран соқты оң жақтан, Боран соқты сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Су өтеді қолғаптан. Балалар көздерін жұмып, көз алдарына «қыз» мезгілін</p>
--	--	--	---	--	---

	жасайды. Қиып алған бөліктерін 27-беттегі сюжетті суретке жапсырады. Балалар санайды. –3 гүл бар. –1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10. –1, 2, 3. –1, 2, 3, 4, 5, 6 Балалар бір-бірінің жұмыстарын жасаған өз білгендерінше бағалайды.	деревья. задание №2. Какие деревья растут в лесу? за- помни. какие деревья растут в лесу? Балапанчик с вопросиком предлагают рассмотреть азбу - ку-тетрадь, запомнить названия деревьев и леса, в кото - рых эти деревья растут. игра «Назови лес». Педагог показывает карточку с изображением дерева, а дети называют лес. Береза – березняк – березовая роща. ель – ельник – еловый бор. сосна – сосняк – сосновый бор. дуб – дубрава – дубовая роща. Липа – липовая роща. Дидактическая игра «Назови ласково». задание № 4. раскрась картинку.	лалар қиратып тастапты. Балалар Сәулеге көмектесу үшін ермексаздан аққала жасауға бел буады. – Аққала қандай бөліктерден тұрады? – Аққаланың дене мүшелерінің пішіні қандай? – Аққаланың басына не кигіземіз? – Оның қолында не бар? – Жұмысты орындау үшін ермексаздың қандай түсін пайдаланамыз? – Аққаланың бөліктері қалай орналасады? Үлгілерді көрсету. Тәрбиеленушілер үлгіні қарап шығып, мүсіндеудің түрі мен тәсілін анықтап алады. Мүсіндеу алгоритмін түсіндіру және көрсету. 1. Педагог балалармен бірге қолданылатын тәсілдердің бірізділігін талқылайды. Саусақтарға арналған жаттығу: «Аққала». «Болады-болмайды» ойыны		елестетеді. - Ақ, суық - Салқын - Қырау Қарлы, боранды, аязды Қыс мезгілінде Ал біз болсақ, қыстан, аяздан қорықпаймыз. Жылы киініп, шанамен сырғанап, шаңғы тебеміз.
Алақай ойын! Сюжетті рөлдік , қимылдық және дидактикалық ойындар	Қимылды ойын: Доп кімде? Мақсаты : шапшаңдыққа , ептілікке, ұқыптылыққа баулу. Топпен жұмыс жасауға тәрбиелеу.	Дид.қ ойын «Нені қайдан алуға болады?» Мақсаты: Адамға қажетті заттарды тани, талдай білуге, нені қайдан алуға болатынын үйрету, сөздік қорларын байыту.	Дид.қ ойын: «Ненің төлі жоқ?» Мақсаты: Үй жануарларын ажырата білуге, оларды төлдерін ажырата білуге, жануарларды күте білуге, қамқорлыққа ала білуге тәрбиелеу.	Сюжетті рольді ойын «Аурухана» Мақсаты: Ақ халатты абзал жандардың қамқорлығын, мейірімділігін, кішіпейілдігін таныстыру. Балаларды мәнерлеп, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Ұжымдық ойнауға тәрбиелеу.	«Сыңарын тап» Мақсаты: Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту. Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
« Табиғатпен біргеміз» Серуенге дайындық Серуен, табиғатты бақылау, таныстыру. Ойындар еңбек	Серуен № 1 Қар тазалайтын машина жұмысын бақылау Мақсаты: Ауыр жұмыстарды орындауға арналған машиналар ролі, олардың құрлысының ерекшеліктері туралы түсініктерін молайту,	Серуен № 2 Қарды бақылау Мақсаты: Қыс аяғында қарда болатын өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру	Серуен № 3 Желді бақылау Мақсаты: — өлі табиғат туралы білімдерін байыту; — табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру.	Серуен № 4 Бұлттарды бақылау Мақсаты: — Аспан және оның біздің планетамызға әсері жайлы түсініктерін кеңейту; Аспан әлемінің әсемдігін қабылдауларын дамыту	Серуен №5 Ауладағы ағаштарды бақылау Мақсаты : — ағаштар туралы білімдерін молайту; — ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру
Баланың жеке даму картасына	Аянат, Аслан жеке тәжірибесінен әріптерді	Рахим, Айару тәулік бөліктерін: таңертең, күндіз, кеш, күндер:	үй жануарлары мен жабайы жануарларды және олардың төлдерін,	орыс тілінде 10 көлеміндегі сандарды	Жазу жаттығулары

сәйкес жеке жұмыс	оқуға ,буынға бөлуге үйрету	бүгін, кеше, ертең, жылдам, баяу ұғымдарын атайды, өзіне қатысты кеңістіктегі заттардың орналасуын анықтай алуына жұмыс жасау	үй құстарын атайды;	білу оларды тура және кері санау	
Балалардың үйге қайтуы.	Өтілген дыбыстарға байланысты тақпақ, жаңылтпаштар қайталау	Ата-анамен сөйлесу,тақпақтарын сандарды қайталату,қадағалау.	Балаларының оқу іс -қызметіне көңіл бөлу керектігін айту.	Ата- аналармен сұхбат. «Тәні саудың- жаны сау»	Өлең, тақпақтар жаттау.